

1 Бас әріптің жазылуы

Жарнама мәтіндерінде бас әріп келесі жағдайларда қолданылады:

– сөйлем соңында қойылған нүкте, көп нүкте, сұрау белгісі және леп белгісінен кейінгі келесі сөйлемнің бірінші сөзі бас әріптен басталып жазылады: *Бірегей мүмкіндік! Петропавл қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі "Өркен" білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізеді. Байқауға қазақ және орыс тілінде оқитын облыстың барлық жалпы білім беретін мектептерінің 6-сынып оқушылары қатыса алады. Грантта тегін оқу, тамақтану, мектеп және спорт формасы және жатақхана қарастырылған. Құжаттарды қабылдау 26 ақпанға дейін Петропавл қаласы, Ы.Ыбраев көшесі, 22А мекенжайы бойынша жүргізіледі. Тел.: 8(7152)55-97-28. Толығырақ: <https://ptr.nis.edu.kz> сайтында немесе @nis.petroavl инстаграм парақшасында.*

– адамның өз аты, әкесінің аты және фамилиясы, сондай-ақ лақапаты (псевдонимі), ныспысы (туып-өскен жеріне, руына қарай аталған көбінесе тарихи есімдер) бас әріппен жазылады: *Жүнісов Елмұрат Құмарұлының 40 күндік қадесі 5 ақпан күні Атырау қаласы, Балықшы «Эльдорадо» мейрамханасында өтетінін хабарлаймыз. Дұға сол жерде оқылады. Жүнісовтер әулеті. Ардақты әке, қимас бауыр, немере-шөберелерінің сүйікті атасы Абдиев Ибатолла (Нәби) Ерғалиұлының 100 күндік дұға дастарханы 17 қыркүйек күні өз шаңырағында жайылатынын хабарлаймыз. Мекенжайымыз: Балықшы, Құрсай ауылы, Қарабау, 43 үй, (мектеп жанында).*

– географиялық атаулар (қала, ауыл, көше, елді мекен) бас әріппен жазылады: *«Көкшетау-Кішкенекөл - Бидайық- гр. РФ» автожолын күрделі жөндеуге сметалық құжаттама» жұмыс жобасына ҚОӘБ бөлімі бойынша ашық мәжілістер түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Тыңдаулар өткізу мерзімі және мекенжайлары: 1. 04 мамыр 2022 жыл сағат 11.00-де СҚО, Уәлиханов ауданы, Кішкенкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 85, аудан әкімдігінің мәжіліс залы; 2. 05 мамыр 2022 ж 11:00-де Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, с. Талшық, Целинная көшесі, 15, аудан әкімдігінің мәжіліс залы. COVID-19 таралуына байланысты шектеулер ұзартылған жағдайда тыңдаулар сауалнама немесе бейнеконференция түрінде өтеді. Маңғыстау селосында орналасқан өнеркәсіп базасына жақын жерде (Қызылтөбе, Маңғышлақ, Маңғыстау-1,2,3,4,5) тұратын күзетші қажет. Тел.: 8 (702) 666 67 75, 8 (707) 436 12 49.*

– орыс тілі арқылы енген географиялық атаулар (жалқы есімдер) орыс тіліндегі түрінде жазылып, бас әріппен беріледі: *Білікті дәрігер Вязова П.П. артық салмақты емдейді. Арамен емдеу. (Тұлға No13016339 ӨЗЖО ӘЖО берген).*

– кейбір мемлекет одақтарының, халықаралық ұйымдардың аттарының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі, Еуразиялық Экономикалық Одақ т.б.*

– жеке мемлекет ретіндегі республика аттарының әрбір сөзі бас әріппен жазылады: *Толық ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің ресми байланыс орталығына 477 қысқа нөміріне байланысу арқылы біле аласыз.*

– халықаралық, дүниеүзілік, бүкілдүниежүзілік, бүкіләлемдік, әлемдік, мемлекетаралық, азиялық, америкалық, республикалық, қазақ ұлттық т.б. тірек сөздер күрделі-құрама атаудың басында келсе, бас әріппен, ортасында келсе, кіші әріппен жазылады:

а) *Халықаралық стандартқа қосылыңыз. K'cell мобильдік байланысы сізге шексіз мүмкіндіктер сыйлайды.*

ә) *Шығыс елдері халықаралық сәулет академиясы талапкерлерді шақырады.*

– ұлттық символ деңгейіне көтерілген жалпы есім сөздердің бір сыңары бас әріппен жазылады: *Мәңгілік ел, Ата заң, Мемлекеттік ту, Мемлекеттік гимн* т.б.

– кейбір мемлекеттік мекемелердің, жоғарғы ұйымдардың күрделі атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады (бұл әдетте емленің дәстүрлік принципіне бағындырылған жазу болады): *Қазақстан Ұлттық Банкі тұрғындарды өздерін қаржылық компания ретінде таныстырып, сеніміңізге кіру үшін сізге түрлі жеңіл шешімдер мен оңай пайдаға кенелу жолдарын ұсынатын алаяқтардан сақ болуға шақырады! ... ең танымал схемалары жөніндегі толық ақпаратты Ұлттық Банктің ресми байланыс орталығына 477 қысқа нөміріне байланысу арқылы біле аласыз.*

– мемлекеттік біркелкі мекемелердің, ұйымдардың, академиялардың, институттардың, музейлердің, арнаулы үйлердің күрделі аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: *Қазақ ұлттық университеті, Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үлестіру-әдістемелік орталығы* т.б. *Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі 2022 жылдың 20 мамырында Ұлт кемеңгері - А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай өткізілетін кешенді іс-шараларға шақырады! Өткізілетін іс-шаралар кешеніне байланысты ақпараттарды төмендегі байланыс нөмірлеріне хабарласып біле аласыздар: +77162329242, +77479822860. Өтетін орны: Көкшетау қаласы, Wolashaq saraiy, Көктем м/а, 9а/1*

– екі немесе үш күрделі-құрама атау тіркесіп келген кешенді атауларда ірі және кіші нысаналардың аттары бас әріппен беріледі: *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Әлеуметтік лингвистика бөлімі.*

– ең жоғарғы мемлекеттік қызмет аттары мен құрметті атақтар бас әріппен жазылады: *Қазақстан Республикасы Президенті, Халық Қаһарманы* т.б.

– бірінші әріптерден қысқарған мемлекет, үлкен халықаралық ұйым т.б. күрделі атауындағы әрбір сөздің бірінші әрпі бас әріппен жазылады: *ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) ҚР (Қазақстан Республикасы), БҰҰ*

(Біріккен Ұлттар Ұйымы), ҚХР (Қытай Халық Республикасы. №1 Қалалық аурухана қала және облыс тұрғындарын МӘМС аясында тегін медициналық оңалтудан өтуге шақырады, физиотерапия бөлімшесінде емделуге (соққы-толқын терапиясы, лазерлік терапия, лимфодренаждық массаж, байланыссыз гидромассаж), КТ, УДЗ, ЭКГ-тексеру, ФГДС, инфекционист-дәрігердің консультациялық қабылдауы, паллиативтік көмек.

– алғашқы сөздің бірінші буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздердің қысқарған буынының алғашқы әрпі бас әріппен, қалған әріптері кіші әріппен жазылады: **ҚазҰУ** -Қазақ Ұлттық университеті т.б.